

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.06.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58625/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жамбыл облысы.Жуалы ауданы

Б.Момышұлы ауылы

№27 Диқан орта мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі

Қаржаубаева Динара Қаламанқызы

Мақсаты: Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже : өз тілдеріне деген құрмет, патриоттық сана сезім қалыптасады , өз ана тілін қастерлеуге дағдыланады.

Әдіс- тәсілдері: Мозайка әдісі, Конверт әдісі, Кім жылдам.

Деректер: тақта, стикерлер, конвертпен сұрақтар, суретті пазлдар, даналық ағашы, бағалау парақтары;

| Сабак кезеңдері | Уақыт | Тапсырма | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті | |
|------------------------------------|-------|--|--|--|-----|
| Білім Қызығушылық тарын ояту | 2мин | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады. Бүгінгі сабағымызға тілек білдіреді. «Мозайка» әдісін қолдану. | Оқушыларды қаз-қатар тұрғызып әнұранды оқушыларға орындатады. Балаларды шеңберге тұрғызып тілектерін айтқызады. «Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлу. | Мемлекеттік Әнұранмен бірге қосылып орындайды. Шеңберде тұрып бір-бірінің алақандарына жақсы тілектерін білдіреді. «Мозайка» әдісі арқылы суретті пазлды ала отырып, екі топқа бөлінеді. | АКТ |

| | | | | | |
|--------------|--------|--|---|---|----------|
| Түсіну | 7 мин | Миға шабуыл Ой толғау. | Балалар , құрастырған пазлдардан ненің суреттерін шығардық? — Әрине, балалар тіл мен жүректің. — Олай болса сабағымыздың тақырыбы қандай? Тіл туралы қысқаша түсінік: Ана тілі- адам болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі жүректің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін, жанының барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа сақтап отыратын қазына. | — Тіл мен жүректің. — I топ- «Тіл – тірегіміз» — II топ – «Соғып тұрған жүрегіміз» Тіл туралы қара сөздер оқыды. Әр топ басшылары тіл туралы көптеген дана сөздер айтты. Екі топтан бірнеше оқушы шығып тіл туралы өлең шумақтарын оқыды. | ЖТ ЖЕ |
| Қолдану | 10 мин | «Конверт» әдісі | — «Конверт» әдісін қолдана отырып, екі топ басшысына алдырмаңыз. Конверт ішінде барлық топ мүшелеріне арналған сұрақтар бар. — Тіл заңы қашан қабылданды? — Еліміздің астанасы қай қала? — Еліміздің жаңа Конституциясы қай жылы қай айда қабылданды? деген сұрақтар қойылды. | Екі топ басшылары конвертті түстеріне қарай таңдап алады. Топта талқылай отырып, сұрақтарға жауап береді. Арнайы уақыт беріледі. Уақыт біткен соң дайын топ жауап береді. | СТО |
| Сергіту сәті | 1 мин | «Мен қазақпын» | Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау | Интербелсенді тақтадағы бейнероликтегідей жаттығулар жасайды. | АКТ |
| Талдау | 15 мин | «Кім жылдам?» ойыны | «Кім жылдам?» ойынын ойнату. Мақал- мәтелдер жарысы. | Екі топ мақал- мәтелдер айта отырып, қай топ жылдам екенін анықтайды. Сыныптағы белсенді оқушы басқаларға бағыт беріп отырады. Топтық талқыға салады, ойланады. Өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады. Ізденеді. | |
| Жинақтау | 5 мин | Тіл туралы не білеміз? | Әр топ мүшелеріне кері байланыс парақшаларын таратып береміз. | Топ мүшелері берілген кері байланыс парақшаларын жеке-жеке толтырады. | |
| Бағалау | 2 мин | Смайликтер Басбармақ арқылы бағалау | Топ жетекшісі өз топ мүшелерінің жұмысын бағалайды. Топтық жұмыстардың жиынтық бағасы қойылады. | Өзін -өзі бағалау, топтық, жұптық бағалау | |
| Рефлексия | 2 мин | Стикерлерді толтыру | Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну | Оқушылар стикерлерге тілектерін жазып даналық ағашына жапсырады. | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.